

2013 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы № 204 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 маусымда № 2737 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, 37-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 8-тармағының 4) тармақшасына, 66-тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері мен субсидиялардың нормалары:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес отандық тыңайтқыш өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына);

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) белгіленсін.

2. "Атырау облысы Ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғ.И. Дүйсембаева жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан
Ауыл шаруашылығы министрі

Республикасының
А. Мамытбеков

2013 жылғы 31 мамыр

Атырау облысы әкімдігінің

2013 жылғы 31 мамырдағы № 204

қаулысына 1-қосымша

2013 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялардың нормалары

№ р/с	Тыңайтқыштардың субсидияланатын түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлік құнын арзандату пайызы, дейін	Бір бірлікке субсидиялардың нормалары, теңге
1	Аммиак селитрасы (N-34,4 %)	тонна	50	28 900
2	Жай суперфосфат (P ₂ O ₅ -19 %)	тонна	50	24 500
3	Аммофос (N-10%; P ₂ O ₅ -46%)	тонна	50	45 000

А т ы р а у о б л ы с ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 1 3 ж ы л ғ ы 3 1 м а м ы р д а ғ ы № 2 0 4
 қаулысына 2–қосымша

2013 жылға арналған субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыш жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялар нормалары

№ р/с	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірлік құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидиялардың нормалары, теңге
1	Нитроаммофоска (N-15%; P ₂ O ₅ -15% ; K ₂ O-15%)	тонна	30	27 900
2	Калий нитраты (N-13,5%; K-46,2%)	тонна	25	114 129
3	Монокалий фосфат(P ₂ O ₅ -52%; K ₂ O-34%)	тонна	25	121 823
4	Кальций нитраты (N-15,5%)	тонна	25	56 423
5	Магний нитраты (N-11%)	тонна	25	57 705
6	Аммиак селитрасы (34%)	тонна	25	12 699